Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 39 (1198)

04.10.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

5 – ҚАЗАН МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ

МАТЕМАТИКА ПӘНІНІҢ МӘНІН ҰҚТЫРҒАН

ұстаз Нүсіпбай ЫСҚАҚҰЛЫ туралы

КӨНЕ БІЛГІРЛЕРДІҢ БІРІ: «БІЗ ТАРИХТАН – КЕМЕҢГЕРЛІКТІ, ПОЭЗИЯДАН – ШЕШЕНДІКТІ, МАТЕМАТИКАДАН – ЗЕРЕКТІКТІ, ЖАРАТЫЛЫС ҒЫЛЫМДАРЫНАН – ТЕРЕҢДІКТІ, АДАМГЕРШІЛІК ФИЛОСОФИЯСЫНАН – БАЙЫПТЫЛЫҚТЫ, ЛОГИКА МЕН КӨСЕМСӨЗДЕН – АЙТЫСУ ДАҒДЫСЫН ҮЙРЕНЕМІЗ»,– ДЕПТІ. БІЗ ТІЛГЕ ТИЕК ЕТКЕЛІ ОТЫРҒАН КЕЙІПКЕРІМІЗ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ПАТШАСЫ САНАЛҒАН МАТЕМАТИКА ПӘНІНІҢ ҚЫР-СЫРЫН ҮЙРЕТУДЕН ЖАЛЫҚПАҒАН, АЛДЫНА КЕЛГЕН ШӘКІРТТЕРІН ЗЕРЕКТІККЕ ЖЕТЕЛЕП, БІЛІММЕН СУСЫНДАТА БІЛГЕН, ӨЗ ҚАТАРЛАСТАРЫ АРАСЫНДА ЕҢБЕГІМЕН КӨПКЕ ҮЛГІ БОЛА БІЛГЕН ЖАН. АРДАҚТЫ ҰСТАЗ НҮСІПБАЙ ЫСҚАҚҰЛЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ЕҢБЕГІ ӨЛШЕУСІЗ.

Осыдан 90 жыл бұрын Бөрілітөбе ауданына қарасты М. Төлебаев атындағы Үлгі атты колхозда дүниеге келген Нүсіпбай ұстаздың бала өмірі соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Әкесі Ысқақ Шөкетаев 1944 жылы Ленинград түбіндегі шайқаста мерт болған.

Өмір иірімі

«Әкем көз жұмғанда небары 10 жас-тамын. Үйдегі бес баланың тұңғышымын. Менен кейін екі бауырым, екі қарындасым болды», – деп бастады әңгімесін ұстаз. – *Бүгінде жер басып жүрген Ырысбала екеуміз ғана. Ол Алматы қаласында тұрады.*

Анамыз көрші ауылдағы балық зауытында еңбек етті. Әкем қайтқан соң шешеміздің Ахметжан деген ағасы әке орнына әке болып, бізді тәрбиелеп жеткізді. 1951 жылы он жылдық мектепті тәмамдаған соң Алматы қаласына оқуға аттандым.

Алғашында құжаттарымды медицина институтына тапсырып, осы саланың маманы болсам деген едім. Бірақ райымнан қайтып қалдым. Себеп – құжаттарымды өткізгеннен кейін бізді «Сергазин» деген профессор музей секілді бір жерге алып барды. Әлгі жерге кіргеннен қолқаны сасық иіс қапты. Мұндағы адамның мүшелерін, басы мен аяғын, ішек-қарнын көргенде шошынғаннан екі көзім алақандай болды. Өмірде көрмегенім осы болсын деп құжаттарымды қайтып алдым да ауылға қайтсам деп шештім. Сол кезде мектепті бірге бітірген жолдас баланы жолықтырып қалдым. Ол өзінің физика-математика факультетіне түскенін, осы топқа бала жетіспей жатқанын айтып: «Сен есепті шағасың ғой. Ауылға барғанда не істейсің? Тапсырып көрсей»,– деді. Сөйтіп Қазақ педагогикалық институтына келіп құжаттарымды өткізіп, емтихан тапсырдым. Физикадан төрт, ал математикадан екі деген баға қойды. Осы сәтте факультет деканы Меңдібай Сәтпаев кіріп «Балалар қалай тапсырып жатыр?» – деп сұрады. Емтихан қабылдап отырған оқытушы: «Мына бала екі алды», – деп мені көрсетті. Ол болса: «Орындағанын көрейін, беріңізші»,– деп мен шығарған есептерге көз жүгірте бастады. Қарап болған соң: «Мынау екі қоятын есеп емес, төртке лайықты жұмыс қой», – деп өзі қол қойып, ақырында оқу орнына түсіп кеттім. Осылай төрт жыл институтта білімімді жетілдірдім.

Физика-математика факультетін бітірген 1955 жылы жолдама арқылы Бөрілітөбе ауданындағы теміржол мектебіне жұмысқа орналастым. Аталмыш білім ошағында үш жылдай еңбек еттім. Содан Қарағанды қаласына қоныс тептім. Бұл жерде педагогикалық институтқа оқытушы болып орнықтым. Институтта 1958-1959 жылдары еңбек етіп, Алматы қаласына көштім. Бірақ бұл жерде көп тұрақтағаным жоқ. Әкемдей болған нағашы ағам жаман аурумен сырқаттанып, ауылға қайтуға бел будым. Келген соң білім бөліміне инспектор болып жұмысқа қабылданып, 1960 жылы аудан тарағанша еңбек еттім. Кейін Талдықорған облысына қарасты Киров ауданына қоныс аудардым. Осы ауданда біраз жұмыс істеп, 1965 жылы қайта Алматы қаласына келдім. Мұнда Ы. Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институтына орналастым. Бірақ алатын айлығым 88 сом болды. Әйелім институтта оқыды. Екі баламыз бар еді. Бала-шағалы болған соң қосымша кешкі мектепке жұмысқа тұрдым. Мұнда бір жыл жұмыс істеген соң мені директор етіп тағайындады. Бір жылдан кейін Алматы қаласында жаңадан ашылған №70 мектепке директор етіп ауыстырды. Бұл жерде тапжылмай сегіз жыл басшылық қызмет атқардым», – деп ағынан жарылған қарт ұстаздан математика пәніне қызығушылығын ашқан мұғалімі туралы сұрадық.

Жалғасы 7-бетте

АНДАТПА

ОБРАЗОВАНИЕ 3-стр

В КАЗАХСТАНЕ ИЗМЕНИЛИ ПОДХОД К ИЗДАНИЮ ШКОЛЬНЫХ УЧЕБНИКОВ

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ 4-бет

ДҮКЕН СӨРЕЛЕРІ шетелдік өнімдерге толы

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ 5-бет

ТӘТТІ ТҮБІР ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯҒА МҰҚТАЖ

КІТАПХАНАДА 13-бет

«ҮЗДІК БИБЛИОГРАФ» байқауы өтті

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ІССАПАР

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

АЭС құрылысына дауыс беруге ниетті

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб мүшелері Жетісу облысына келді. Штаб құрамындағы депутаттар, сарапшылар және қоғам қайраткерлері «Айсұлу» тігін фабрикасының ұжымымен Қазақстанда АЭС салу бойынша өткізілетін алдағы референдумға қатысты мәселелерді талқылады.

Электрмен жабдықтау мәселесі – барлық өңірге ортақ. Энергия жетіспеушілігі жаңа өндіріс орындарының салынуын тежейді. Бұл мәселені қолданыстағы ЖЭО-мен салыстырғанда басым тұстары әлдеқайда көп атом электр станциясы шеше алады.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев атап өткендей, климат өзгеріп жатқан жағдайда энергетикаға зиян келтірмей экологияға тигізетін зиянды азайту үшін тиімді шешім іздеу қажет. Ал атом электр станциялары көмірқышқыл газы шығарындыларын азайтудың және көмірге тәуелділікті төмендетудің ең перспективалы тәсілдерінің бірі саналады. Көмір станцияларынан айырмашылығы, АЭС қоршаған ортаны түтін газымен, күлмен немесе құрамында мұнай өнімдері бар ағынды сулармен ластамайды.

Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Асқар Жұмаділдаев Қазақстан уран өндіру бойынша әлемде көшбасшы мемлекет екенін, алайда әлі күнге дейін өз әлеуетін пайдаланбайтынын және атом энергиясы үлкен пайда әкелетін АҚШ, Оңтүстік Корея, Франция сияқты дамыған елдерден кейін қалу қаупі бар екенін атап өтті. Ғалым АЭС сенімді, қауіпсіз әрі экологиялық тұрғыда таза энергия көзі екеніне сенімді.

Кездесу соңында тігін фабрикасының ұжымы алдағы референдумда АЭС құрылысын қолдауға ниет білдірді.

ЖАСТАР АЭС ҚҰРЫЛЫСЫНА ДАУЫС БЕРЕДІ

АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб мүшелері белсенді жастармен кездесуде өндіріске қажетті жаңа тәсілдерді зерделеудің және инновациялық технологияларды енгізудің маңызы туралы айтты.

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев атап өткендей, қазіргі атом электр стансалары сенімді, адам өміріне қауіпсіз, ең озық және тексерілген технологиялар негізінде салынып жатыр. Сондай-ақ ол АЭС-тің жұмысы мен оны пайдалану кезеңінде халықаралық сараптамалық ұйымдар тарапынан сенімді бақылауға кепілдік берілгеніне тоқталып, азаматтарды ел игілігі үшін референдумға белсенді қатысуға шақырды.

«Экономиканың ұзақ мерзімді мүдделеріне және қажеттіліктердің жедел артуына байланысты АЭС салу мәселесі стратегиялық сипатта ие екенін көріп отырмыз. Сондықтан халықтың бұл мәселеге қолдау білдіруі еліміздің дамуы жолында аса маңызды. Атом электр стансасын салу кезіндегі негізгі басымдық адамдардың қауіпсіздігі екені анық. Сол себепті, қазақстандықтар қолдап дауыс берсе, АЭС ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес салынады. Жобаны іске асыру кезінде табиғи апаттар мен басқа да ықтимал сын-қатерлердің алдын алуға қажетті шаралар міндетті түрде ескеріледі. Стансаның қауіпсіз жұмысын МАГАТЭ мен басқа да халықаралық ұйымдар мұқият қадағалайды», – деді Палата Төрағасы.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенттері елдің энергетикалық тәуелсіздігіне бастайтын жол ретінде атом электр стансасын салу жобасына қолдау білдірді.

ЖЕТІСУ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖАҢА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ШЕШІМГЕ ДАЙЫН

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб мүшелері Жетісу өңірінің жұртшылығымен алдағы референдумға қатысты өзекті мәселелерді және энергетика саласын дамыту перспективаларын талқылады.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде қазіргі сын-қатерлер жағдайында баламалы энергия көздерінің қажеттілігі бұрынғыдан да арта түскені айқын байқалып отырғанын атап өтті. Оған климаттың өзгеруі, экологияның нашарлауы және энергияның тапшылығына қатысты статистикалар дәлел. Сенат Төрағасы бұл ретте Мемлекет басшысы мақұлдаған атом электр стансасын салу туралы бастама аса маңызды екенін айтты. Негізгі артықшылықтарының бірі – көмірқышқыл газы шығарындыларын азайту және көмірге тәуелділікті төмендету.

«Бүгінде халықтың тұтыну қажеттілігін өтеп отырған көмір электр стансаларының жағдайы сын көтермейді, басым бөлігі әбден тозған. Қазірдің өзінде елімізде энергия тапшылығы орын алып, сенімді және таза қуат көздерінің қажеттілігі артып отыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа Жолдауында осы түйткілге ерекше тоқталды. Шын мәнінде, бұл ретте атом энергиясының әлеуеті зор. Қазір ол бүкіл әлемде белсенді қолданылып келеді. АЭС-тің көмір стансаларынан айтарлықтай айырмашылығы бар. Ол ауаны және қоршаған ортаны көмірқышқыл газдарымен, күлмен немесе құрамында мұнай өнімдері бар зиянды қалдықтармен ластамайды. Бұл – табиғатқа зиян келтірмей-ақ экономикамыздың қарқынды дамуына ықпал ететін таза және тұрақты энергия көзі», – деді Палата Спикері.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт ел дамуына қажет энергия көзі ретіндегі АЭС құрылысының маңызына назар аударды.

Жетісу облысының қоғам қайраткерлері мен белсенді азаматтары тұрақтылық пен өсімді қамтамасыз ететін стратегиялық жоба ретінде АЭС құрылысын қолдады.

ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМЫТУ МЕН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҚҰРУ КЕПІЛІ

АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб мүшелері электр желісін тартуға арналған темірбетон бұйымдары мен конструкцияларын шығаратын «Темірбетон» ЖШС зауытына барып, құрылыс саласының өкілдерімен кездесті.

Құрылысшылардың АЭС-ке дауыс беруі – бұл маңызды мемлекеттік жобаны қолдау ғана емес, сонымен қатар олардың кәсіби қызметі мен экономикалық әл-ауқатын арттыруға тікелей үлес қосуы. Мәселен, станцияны салу үшін мыңдаған білікті жұмысшылар мен құрылыс мамандары қажет болады. Сонымен қатар, АЭС жобасын жүзеге асыру арқылы тек атом станциясының құрылысы ғана жүзеге аспайды, сонымен қатар ілеспе инфрақұрылым: кірме жолдар, қызметкерлерге арналған тұрғын үйлер, әлеуметтік инфрақұрылым объектілері де қоса салынады. Яғни «Темірбетон» ЖШС сияқты кәсіпорындар бірнеше жыл түрлі тапсырысқа ие болады.

Еңбек ұжымымен әңгімелесуде Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев атом энергетикасын дамыту мен атом электр станциясын салудың Қазақстан үшін қандай стратегиялық маңызы бар екеніне тоқталды. Электр энергия тұтыну көлемінің артуы – әлемдік тренд. Бүгінде елімізде электр энергия тапшылығы жылына шамамен 2,5 млрд кВт/сағатты құрайды. Қазірдің өзінде біз жыл сайын шамамен 4-5 млрд кВт/сағ электр энергия импорттаймыз. Осыған байланысты электр көздерін әртараптандыру маңызды.

Ядролық физика институтының бас директоры Саябек Сахиев Қазақстанда АЭС салуға қажет ғылыми-техникалық база бар екенін айтты. Атап айтқанда, Алматының орталығында 60 жыл бойы қуаты аз реактор сәтті жұмыс істеуде, онда 700-ден астам адам еңбек етеді. Осылайша, біздің елімізде бейбіт атомды пайдалану және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мол тәжірибе жиналды.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, АЭС ірі өнеркәсіптік өндірістердің қажетін толық жабады. Зауыт қызметкерлері, құрылыс саласының өкілдері бейбіт атомды пайдалануды бірауыздан қолдады.

«AMANAT» партиясы

ЖАРЫС

«JAS REPUBLIC CUP»

пікірсайыс турнирінің іріктеу кезеңі өтті

Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «Әділ, таза және қауіпсіз Қазақстан» тақырыбында «Jas REPUBLIC CUP» республикалық пікірсайыс турнирі өтті.

Аймақтық іріктеу кезеңіне 31 команда қатысты. Іріктеу турнирінде қатысушылар Қазақстандағы өзекті мәселелердің шешімдері мен тиімді тетіктерін ұсынды.

«Бұл пікірсайыс турнирі Қазақстанның барлық аймағында өтті. Аймақтық іріктеуден өткен жеңімпаздар қазан айында Республика күніне орай республикалық турнирдің дебаттарына қатысатын болады. Бұл бастаманың басты мақсаты – ұрпақтарымыздың бойына білім ұялатып, патриоттық қабілеттерін арттыру», – деді өз сөзінде «Республика» партиясы қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының төрағасы Ришат Қожабек.

Қазақ лигасы бойынша іріктеу турнирінің қорытындысында Оқушылар сарайының командасы жеңіске жетті. Ал Талдықорған қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебінің командасы орыс лигасында 1-орынды иеленді.

Жеңімпаздар қазан айында өтетін республикалық турнирде Жетісу өңірінің намысын қорғайтын болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВЕРХОВНЫЙ СУД

ПЛАТОК В ШКОЛАХ КАЗАХСТАНА ОСТАЕТСЯ ВНЕ ЗАКОНА

Как сообщает источник Sputnik. kz. Вопрос о платках в школах республики Верховный суд Казахстана не рассматривали и, соответственно, не мог принять такого решения, заявили в ведомстве.

«В публикациях СМИ и в социальных сетях распространяется недостоверная информация, что Верховный Суд признал ношение платков в школах законным», — говорится в сообщении.

Накануне в казахстанских СМИ распространили заявление правозащитника Жаслана Айтмагамбетова, в котором он подчеркнул, что «Верховный суд … признал, что подобные ограничения нарушают право на получение образования», подразумевая именно ношение платков.

Он отмечал: «невозможно» доказать, что платок является именно религиозным символом.

Корреспонденту Sputnik Казахстан в судебном органе подтвердили, что вопрос об отстранении учениц в платках от занятий действительно обсуждали, и постановление Верховного суда выйдет «в течение 10 дней».

Вместе с тем резонанс после заявления правозащитника заставил Верховный суд озвучить свою позицию по вопросу.

«Судебная коллегия по административным делам Верховного Суда не входила в обсуждение вопроса по законности ношения платка в образовательном учреждении», — указывается в сообщении.

Кассационная инстанция, добавили в суде, признала лишь незаконным недопуск школой учащегося к занятиям, поскольку право на образование является одним из основных конституционных прав граждан Казахстанв.

«Полномочия по утверждению требований к обязательной школьной форме для организаций среднего образования у профильного министерства имеются. Соответствующий приказ министра не признан незаконным и не отменен», — подчеркивается в сообщении.

В Верховном суде отметили, что родители несут обязанность по соблюдению Устава школы и требований к школьной форме.

«Неисполнение родителями взятых на себя и установленных законом обязанностей по воспитанию и образованию, защите прав и интересов детей влечет установленную законом ответственность», — напомнили в ведомстве.

Вопрос о платках и хиджабах поднимается в Казахстане регулярно, особенно в последние годы.

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

В КАЗАХСТАНЕ ПОЯВИТСЯ НОВЫЙ КУРОРТНЫЙ ГОРОД

В Мангистауской области идет активная работа по развитию туристического потенциала региона. Именно там построят новый курортный город, сообщает Zakon.kz.



Туристический город появится в курортной зоне Кендерли. По данным пресс-службы главы правительства, этот городок сможет принять до 300 тысяч человек в год.

На сегодня, уточнили специалисты, начато строительство инженерной инфраструктуры.

Аким села Кендерли Мекен Уйсенов подчеркивает, что особенностью морского побережья Кендерли является продолжительность купального сезона.

Также важное значение, по его словам, играет географическое расположение. Оно подходит для привлечения туристов благодаря своей уникальности.

«В связи с этим президент дал конкретное задание по созданию туристической зоны Кендерли. Мы планируем построить специальный туристический городок с соответствующей инфраструктурой. Это хорошо скажется на снижении основной нагрузки Жанаозена», — отмечает МекенУйсенов

Кендерли (каз. Кендірлі) — село в Мангистауской области Казахстана в подчинении у городской администрации Жанаозена. Образовано в 2020 году путем выделения юго-восточной части села Рахат (микрорайон «Жулдыз») в самостоятельный населенный пункт.

Население

На момент образования в селе проживало порядка 12 000 человек. По данным переписи 2021 года, в селе проживало 12 868 человек.

В Министерстве туризма и спорта Казахстана 17 сентября предоставили список стран, из которых больше всего туристов посетили нашу страну в первом полугодии 2024 года. Наибольшее количество путешественников прибыли из России — 186,1 тыс. человек. Второе место заняли китайские туристы — 69 918 человек. На третьей позиции — туристы из Индии (53 695 человек). В топ-5 также вошли путешественники из Турции (30 312) и США (19 597).

ОБРАЗОВАНИЕ

Приказом и. о. министра просвещения от 24 сентября 2024 года внесены изменения в Правила по подготовке, экспертизе, апробации и проведению мониторинга, изданию учебников для организаций среднего образования и учебно-методических комплексов, сообщает Zakon.kz.

ИЗМЕНИЛИ ПОДХОД К ИЗДАНИЮ ШКОЛЬНЫХ УЧЕБНИКОВ

В частности, правила по подготовке, экспертизе, апробации и проведению мониторинга, изданию учебников для организаций среднего образования и учебно-методических комплексов для дошкольных организаций, организаций среднего образования изложены в новой редакции.

Так, основанием для подготовки учебно-методического комплекса для дошкольного образования, учебников и учебно-методического комплекса для начального, основного среднего и общего среднего образования, в том числе электронной форме, служит Тематический план, формируемый и утверждаемый Республиканским научно-практическим центром экспертизы содержания образования по согласованию с министерством.

Подготовка учебника, в том числе электронного, организуется разработчиком или издательством путем формирования авторского коллектива из прошедших обучающие курсы по вопросам их разработки.

Предусматривается, что учебники, УМК и пособия, в том числе в электронной форме, могут дорабатываться в связи с необходимостью периодического обновления фактологических, статистических, информационных данных и методических подходов.

Экспертиза учебников для организаций среднего образования, УМК для дошкольных организаций, организаций среднего образования, в том числе в электронной форме включает в себя:

планирование экспертизы учебно-методических комплексов, учебников, УМК, в том числе в электронной форме; порядок оказания государственной услуги по выдаче экспертного заключения авторам и авторскому коллективу на учебные издания для дошкольного, начального, основного среднего и общего среднего образования; порядок проведения экспертизы и условия работы предметной экспертной комиссии.

Указывается, что издательство, разработчик ежегодно с 5 января по 15 марта представляют Республиканскому научно-практическому центру экспертизы содержания образования прогнозную заявку на включение учебно-методических комплексов и учебников, в том числе в электронной форме, в Тематический план не позднее двух лет до внедрения их в учебный процесс.

В Тематический план от издательства, разработчика включается одно наименование учебника и УМК, в том числе в электронной форме, по предмету на класс. При превышении объема прогнозных заявок от планируемого в Тематический план включаются равные доли учебно-методического комплекса для дошкольного образования, учебников, УМК, в том числе в электронной форме, от общего объема заявок услугополучателей.

График проведения экспертизы обеспечивает обновление перечня через каждые пять лет для организаций среднего образования, через каждые шесть лет для организаций специального образования. По итогам анализа уполномоченный орган в области образования изменяет сроки разработки и переиздания учебников и УМК, в том числе в электронной форме.

Тематический план на следующий финансовый год утверждается республиканским центром по согласованию с министерством в срок до 15 мая текущего года.

После чего центр направляет выписку из утвержденного Тематического плана издательству или разработчику в течение 15 календарных дней со дня его утверждения.

Правила также устанавливают:

порядок оказания государственной услуги по выдаче экспертного заключения авторам и авторскому коллективу на учебные издания для дошкольного, начального, основного среднего и общего среднего образования;порядок проведения экспертизы и условия работы предметной экспертной комиссии;порядок апробации учебников и УМК для организаций среднего образования;порядок проведения мониторинга учебников для организаций среднего образования и УМК для дошкольных организаций, организаций среднего образования;порядок издания учебников для организаций среднего образования и УМК для дошкольных организаций, организаций среднего образования и т. д.

Приказ вводится в действие с 8 октября 2024 года.

ЭКОНОМИКА

ЧТО ИЗМЕНИТСЯ В РАБОТЕ КОЛЛЕКТОРОВ С 1 ОКТЯБРЯ

В Казахстане с 1 октября 2024 года вступают в силу правила урегулирования коллекторскими агентствами задолженности физических лиц, передает центр деловой информации Kapital.kz со ссылкой на пресс-службу Агентства по регулированию и развитию финансового рынка.

Как поясняет финрегулятор, согласно новым правилам, коллекторское агентство должно уведомить должника в течение 30 дней после приобретения прав по кредиту о его праве подать заявление на изменение условий оплаты долга. Если задолженность была выкуплена до 1 октября, уведомление должно быть отправлено в течение 20 дней с этой даты.

Должник может обратиться в агентство с заявлением в любое время после получения уведомления, указав причины неисполнения обязательств и свои варианты решения проблемы. К заявлению нужно приложить документы, подтверждающие снижение доходов.

Если документы неполные, агентство запрашивает дополнительные данные в течение 10 рабочих дней и устанавливает срок для их предоставления — 5 рабочих дней. Если документы не будут представлены вовремя, заявление может быть оставлено без рассмотрения.

После получения всех документов агентство рассматривает заявление в течение 15 дней и дает ответ о:

согласии с изменениями;

встречном предложении по изменению условий исполнения обязательства;

отказе с объяснением причин.

Коллекторское агентство должно иметь внутренние правила, которые определяют категории должников и необходимые документы, и размещать эту информацию на своем сайте.

Также агентство может изменить условия долга в одностороннем порядке на более выгодных условиях, например, уменьшить штрафы или отсрочить платежи. Оно должно уведомить об этом должника, который может отказаться от изменений, отправив заявление в течение 14 дней.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ӨЗГЕГЕ ТОҚТАУ БОЛСА ДА КЕҢІРДЕККЕ ТОҚТАУ ЖОҚ. КҮНДЕЛІКТІ ТҰТЫНАТЫН АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ САПАСЫ ДА КӨҢІЛ АЛАҢДАТАДЫ. ҚЫЛ АЯҒЫ КӨКӨНІСТЕРДІҢ ІШІНДЕ ШАМАДАН ТЫС (УДОБРЕНИЕ) ТЫҢАЙТЫШТАР БАР ЕКЕНІ ЖИІ АЙТЫЛУДА. ҚАНША ЖЕРДЕН БАҚЫЛАУДА ДЕСЕК ТЕ КӨЗБОЯУШЫЛЫҚҚА БАРАТЫНДАР БАРШЫЛЫҚ. АЛ МҰНЫҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА КЕРІ ӘСЕРІ БАРЫН МАМАН ДӘРІГЕРЛЕР ҰДАЙЫ АЙТЫП КЕЛЕДІ. ҚОҢЫР КҮЗ БАСТАЛҒАЛЫ МЕКТЕП АСХАНАЛАРЫНАН ТАМАҚТАНАТЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАППАЙ УЛАНУЫ ОСЫНЫҢ ДӘЛЕЛІ БОЛА АЛАДЫ.

ДҮКЕН СӨРЕЛЕРІ
шетелдік өнімдерге толы

Жергілікті өнімдердің 60-70 пайызы ғана отандық өнімдер. Ал қалған азық-түліктер шет мемлекеттерден тасымалдануда. Бұл Жетісу өңіріне ғана тән құбылыс емес. Жалпы Республика бойынша қалыптасқан жағдай. Кез келген сауда немесе кішігірім дүңгіршектер мен дүкендерге кірсеңіз ақшаларын, не тауарларын қайтарып ала алмай, заңгерлерге жүгініп жүргені айтылды. Міне, көзбояушылық, алаяқтық интернет дүкендерден де шығып жатыр. Мұнда да өнімдер сапасы сөз болуда. Ал азық-түлік пен жеміс-жидектер жайлы айрықша атап өтерлігі оларды сақтайтын қоймалар Жетісуда жеткілікті ме? Қолда жергіліктіден гөрі шетелдік өнімдерге басымдық беріп тұрады. Қыл аяғы сүт, айран, ірімшік, тағы басқа да күнделікті қажетті өнімдер көрші Ресей мен Беларус, Қырғыз, Қытай мемлекеттерінен тасымалданады. Бұл нарық жүйесінің қағидаты десек те жергілікті өнімнен шетелдік өнімдердің үлесі басым. Сауда нүктелерінде азық-түліктен бөлек, киім-кешек, балалар ойыншықтарына дейін алыс-жақын мемлекеттердің тауарына тәуелдіміз. Көбіне Қытай тауарларынан саудагерлер тұтынушыларды арбап Түркияның, Ресейдің тауары деп саудалап жатады. Бірді айтып бірге кеткендей болмайық, бір ғана азық-түлікке қатысты Талдықорғандағы ірі сауда желілері де тауар таңдауда шетелдік өнімдерге басымдық береді екен. Тасымалданған тауарларды олар қандай қоймаларда сақтайды? Әсіресе, азық-түлікке қатысты, олардың сақтау мерзімі өтпей саудаланып кетсе құба-құп, ал сауда сөрелерінде, не қоймаларда мерзімі уақытынан асып кетсе, өнімдерді дереу алмастыру шарт. Бұл қағидаттар қаншалықты сақталған? Мәселен, «Үлкен сауда орындары тауар таңдарда қандай өлешемге сүйенеді? Неге отандық өнімдерге басымдық берілмейді?» – деген сауал санаға салмақ салады. Тасымалданатын азық-түлік пен жеміс-жидек өнімдері қайда сақталады, арнайы қоймалар жеткілікті ме? Бұдан бөлек, Республиканың барлық өңірінде интернет дүкендер қанат жайып келеді. Мұндай сауда нүктелері біздің облыста да бар.

Интернет дүкендер демекші, күні кеше ғана Жетісу өңірінде осы интернет дүкендерге қатысты дау-дамай 31-ші каналдың жаңалығында айтылды. Интернет дүкендер арқылы алдын-ала тауарға тапсырыс беріп, ақысын төлегендер, не бар ақпараттарда мұндай қоймалардың республика көлемінде жетіспейтіні айтылады. Демек, тез бүлінетін өнімдердің сапасын жоғалтпау үшін әрі мерзімді уақытта сатылып кетуі, тауарды алушылар мен сақтаушыларға үлкен мәселе тудыруда. Осы қоймалар туралы былтыр обылыс әкімі Бейбіт Исабаев Панфилов ауданына барған сапарында қойма мәселесін реттеуді тапсырған болатын. Оның басты себебі көрші Қытайға тасымалданатын өнімдер жеміс-жидек пен азық-түліктер, әрі аспан асты елінен Қазақстанға жеткізілетін өнімдерді сақтайтын орындардың аздығы үлкен мәселе болған-ды. Мәселен, былтыр Панфилов ауданына осы сала бойынша 1 млрд. теңгеге жуық инвестиция салынған. Бұл жоба облыстағы ауқымды қоймалардың бірі ретінде қарастырылды.

Жетісу өңірінде жалпы сыйымдылығы 39,7 мың тонна болатын 31 қойма бар. Оның 25,2 мың тоннаға арналған 18 картоп қоймасы; 8,5 мың тоннаға 7 көкөніс қоймасы; 5,9 мың тоннаға 6 жеміс қоймасы дайын тұр. Оның 12-і заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған. Оның ішінде 11,8 мың тоннаға 5 картоп қоймасы, 4,3 мың тоннаға 3 көкөніс қоймасы, 5,4 мың тоннаға 4 жеміс қоймасы жұмыс істеп тұр. Ал өңірде ірі интернет дүкендерінің қойма желісі де баршылық. Интернет қоймалары иелерінің айтуынша, олар тауарды тапсырыс берушілерге бірден жеткізіп беруге талпынады екен.

«Тауарды ұзақ сақтай алмаймыз, өнімді де мөлшерлеп қана аламыз. Тұтынушыдан қабылданған тапсырыс бірден сауда желілеріне жолданады. Олар бірден жауап береді. Біз жеткізу жағын мұқият қадағалаймыз. Осы күнге дейін тұтынушылардан арыз-шағым түскен емес. Уақытында жеткізіп отырамыз. Сондықтан қойманың қажеті шамалы. Кейбір сатушылардың жеке шағын қоймасы бар. Олар тауарды алдын ала алып, сақтап, сатады», – дейді қойма иелері.

Жалпы дүкен сөрелеріне шығарылған өнімдердің дені шикізат түрінде жүреді. Мәселен, сүт өнімдері, ұн өнімдері, құс еті, құс жұмыртқасы және жергілікті шаруа қожалықтарының көкөніс өнімдері. Сондай-ақ, шет мемлекеттерге импорттайтын ұн өндіру және құс фабрикалары бар. Атап айтсақ, «Ломман-Жетісу» ЖШС, «Көгер ЛТД» ЖШС – құс фабрикалары және «Турка» ЖШС, «Sardar Export» ЖШС – ұн өндірісімен айналысатын кәсіпорындарының өнімі жергілікті сауда дүкендерінде жиі шығарылады. Одан бөлек Еуразиялық Экономикалық Одақ өнімдері де бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев үкіметке бағаны тұрақтандыруға қатысты әрі қадағалауды тапсырған болатын. Осы бағытта Жетісу өңірінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандырудың екі тетігі жұмыс істеуде. Оның ішінде «тұрақтандыру қоры» және кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру «айналым схемасы». Аталған тетіктерді іске асыру үшін бюджеттен 5,8 млрд. теңге, оның ішінде «тұрақтандыру қорын» қалыптастыру үшін 1,1 млрд. теңге және «айналым схемасы» кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен несие беру үшін 4,7 млрд. теңге бөлінген. Бөлінген қаражатқа 23,6 мың тонна тауар жеткізуге шарттар жасалып, 8,6 мың тонна ӘМАТ-на интервенция жүргізілгенін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев айтты. Оның сөзінше, тұрақтандыру қорында 4,347 тонна ӘМАТ бар. Оның ішіне қант, ұн, күріш, күнбағыс майы, қарақұмық жармасы, картоп және сәбіз кіреді. Тұрақтандыру қорының тауарларын жеткізушілер қатарында «АзияАгроФуд» АҚ, «Өскемен май зауыты» ЖШС (ШҚО) және «Көксу қант зауыты» ЖШС сияқты ірі кәсіпорындар бар. Өңірде осы тетік бойынша 17 тауар өндірушімен келісімшарт жасалған. Онда 10 мың тонна көлеміндегі 14 тауар түріне жеңілдік қарастырылған. Қала тұрғындарына әр аптаның соңында сенбілік базар ұйымдастырылуда. Сенбілік базарда Қытайдың, Ресейдің, Қырғызстанның, Өзбекстанның, Тәжікстанның тауарларымен қатар отандық тауарлар да сөреге қойылуда. Бір ғажабы жерлікті өнімнен шетелден келген өнімдердің бағасы анағұрлым арзан. Мәселен, Қытайдан келген қияр, қызынақтың бағасы тұтынушыларға қолайлы болса, жеміс-жидектердің барлығы дерлік Өзбекстан мен Тәжікстаннан келуде. Әр сенбіде базардағы бағада да әртүрлі құбылады. Жауапты мамандардың мәліметінше, бағаны тұрақтандырудың екі тетігі бойынша 14,4 мың тонна көлеміндегі 17 тауар түрін жеткізуде арнайы келісімшарттар қолданылады. Атап айтсақ, 678 тонна күріш, 669 тонна сұрыпты ұн, 64 тонна қарақұмық, 603 мың нан орамы, 21 тонна түтік кеспе, 8 352 тонна қант, 574 мың литр күнбағыс майы, 382 тонна сүт, 437 тонна қырыққабат, 520 тонна пияз, 679 тонна сәбіз, 1518 тонна картоп, 185 тонна сиыр еті және 6,6 миллион дана жұмыртқа. Бұлардың бағасы 6 пайызға арзан жүретінін айтады жауапты мамандар. Алайда, дүкен сөрелері отандық емес, шетелдік өнімдерге толы.

Айтақын МҰХАМАДИ
Суреттер ғаламтордан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТӘТТІ ТҮБІР ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯҒА МҰҚТАЖ

ЖЕТІСУДА ИГЕРІЛМЕЙ ЖАТҚАН ЖЕР КӨП. ӘСІРЕСЕ, ШЕТ АУДАНДАРДА. АЛ АЛЫСТАҒЫ АЙМАҚТАР ҚАТАРЫНА АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ КІРЕТІНІ БЕЛГІЛІ. ЖАЗДА ТУРИЗММЕН МАҚТАНАТЫН АУДАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫ ЕНДІ ІЛГЕРІЛЕП КЕЛЕДІ. БІЗ АРНАЙЫ ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ТҮРЕН ТИМЕГЕН ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРДІ ЕГІСТІК АЛҚАБЫНА АЙНАЛДЫРҒАН «BOLAT GROUP LTD» ЖШС БАРЫП, БІРАЗ МӘСЕЛЕНІ БІЛІП ҚАЙТҚАН ЕДІК. СЕРІКТЕСТІК ИЕСІ БОЛАТ СЕЙІРБАЕВ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН КЕЛГЕН КЕДЕРГІЛЕРДІ АШЫП АЙТЫП БЕРДІ.

Аталған шаруа қожалығы 275 гектар жерге тәтті түбір егіп, ауданның ауыл шаруашылығы саласындағы жаңалығына айналып отырса да әлі инвест жобаға кірмеген. Облыста отырған мамандар қандай құжат керектігін өздері нақты білмейді. Бір жылдан бері әр нәрсені бір сұрап, ары-бері сандалтып келеді.

Облыс орталығына дейін 320 шақырым, бір құжат үшін ауылдан қалаға қатынау уақыттың соры. Инвест жобаға онлайн тапсырады, бір әріп қате кетсе бағдарлама қабылдамайды. Ал қатесіз жіберу үшін мұны тиянақты білетін маман қажет. Ал ол маман облыста жоқ.

«44 жыл осы ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрмін. Бұл әдісті Қытайға сапарлап барғанда көріп, қайран қалған едім. Содан ойдан кетпеді. Бұл шамамен 1994-1998 жылдар шамасы, қытайлықтар қызылшаны целлофанмен жауып, арамшөптен арашалап, қызылшаның еркін өсуіне ерекше жол жасайды. Одан кейін бірнеше рет тәжірибе алмастық. Әрине, бұл тәсіл көңілде жүргенмен елде іске асыру жеңіл болмады. Кейінгі жылдары Алакөл ауданында Кеңес одағы кезінде үлкен қант зауыты болған. Осыдан 30 жыл бұрын сол кәсіпорын 200-250 тоннаға дейін шикізат өңдеп, таза қант шығаратын. Сол заманда шаруалар әр гектарына 340 ц. алатын. Ең алғаш 56-57 тонна өнім алған шаруалар да болды. Ауданның бірінші хатшысы Маршрут «Ленин» орденін алып, қалған азаматтардың бәрі көлік мініп, бір мәре-сәре болған», – деді Б. Сейірбаев.

Оның айтуынша, бірлескен үлкен шаруалардан шыққан қызылша джомын бордақы мал ұстаумен айналысатын ұжымшарлар ірі қараға беретін. Сол тұста 8 мыңнан – 16 мыңға дейін ірі қара байлауда тұрған екен. Қант қызылшасынан қалған джом мал азығы ретінде құнды. Оның сыртында ПАТК шыққан. Ол кезде ауданда спирт зауытын салу керек болған, бірақ әртүрлі себеппен кейінге шегеріліпті. Бірақ оны да қожалықтар мал азығына пайдаланып, тиімді игерген. Ал бүгінде сол дүрілдеп тұрған қант зауыты да, ет комбинаты да, қамыс зауыты да, сүт зауыты да жоқ. Тіпті жермен жексен болды десе болады. Аудан тұрғындары тек алып-сатармен айналысып жүр. Басқа өндіріс орындарының бірі қалмады.

«Мен зейнеткер болсам да осының бәрін білгеннен кейін шыдамадым. Көрші Қытайдың тірлігін көріп отырып, істі білетін азаматтарды шақырып, бірлесе заманауи технологиямен қант қызылшасын егуді бастадық. Осындағы шаруалардың басын біріктірдік. Сөйтіп былтыр тамыз айында бастағанбыз, дегенмен құжатын реттеудің өзі өте қиын болды. Қиындығы сол, бүгінге дейін жұмыстың бітер аяғына келсек те инвест-жобаға әлі кіргізе алған жоқпыз. Қазақстанда оған кіргізудің өзі қиямет-қайым екен. Еңбек нәтижелі болуы үшін былтыр қытай азаматтарымен өзара келісімшартқа отырдық. Оларға жерді көрсеттік, ол заманында тек мал шаруашылығына арналған жайылым жер болған. Өмірі соқа тимеген. Ал судың жақын екенін білеміз. Себебі көл алыс емес, жақын маңда бірнеше құдықтың орны бар. Арнайы мамандар шақырып жер асты суын тексерттік. 140-180 метр тереңдікте су шығады. Соның бәріне көз жеткеннен кейін былтыр қыста қазақстандық мамандарға сусорғы құдық қаздырдық», – дейді шаруа иесі.

Өкінішке қарай, отандық сушылар қазған құдық 40-50 кубтан ғана су шығарған. Осы сумен егінді бастауға кіріскенде, 5-10 күннен кейін сусорғы істен шыққан. Оның істемей қалған себебі үлкен сорғылар сорғанда құмның бәрін лай сумен бірге лақтырып, асты құлап, су желілері майысып, іске жарамай қалған екен. Содан кәсіпкер бұл жұмысты да қытайлармен келісіп, олар өздерінің техникаларын әкеледі. Олар 10-12 күннің ішінде 5 скважина қазып, су жібереді. Қытайлықтар 2 күннің ішінде бір скважина қазып отырған. Себебі 275 гектар тұқым себілген, ал оған дереу су берілмесе шіріп кетуі мүмкін.

«Дегенмен, артынан себілген 30 гектар жердің өнімі нашарлау болды. Қытайлықтардың есебінде әр гектардан тамшылатып суару әдісімен 100-150 тоннаға дейін өнім алу көзделеді. Орташа есеппен 125 тоннаға дейін алу міндетті. Биыл көп кедергілерді ескере отырып 60-70 тоннаға дейін өнім алсақ, ол да жаман емес деп отырмыз», – дейді кәсіпкер.

Бүгінге дейін серіктестік Үкіметтен бір тиын алмаған. Инвесторлардың салған ақшасымен тірлік істеп жатыр. Бұл жерде ең пайдалы дүние 340 гектар жерге тамшылатып суару әдісінің орнағаны. 1,5 метр тереңдікте 34 шақырым труба жатыр. Ол 25 жылға дейін жарамды. Оны эксковатормен қазып, әдемілеп көміп, жер бетіне арнайы су желілерін жіберген. Тұқым себілгеннен кейін 15-20 адам күнделікті жұмыс істеген. Олар су желілерін жалғап отырған. Басқа қол жұмысы жоқ. Бәрі техниканың көмегімен жасалады. Ең бастысы, жұмыс күшіне үнем. Мәселен 275 гектар жерді 4 адам суғарған. Біреуі жетекші, қалғаны мотоциклмен барып, тетіктерді басып отырады. Бір атыз су ішіп біткеннен кейін келесіге ауысады.

Жалпы тамшылатып суару кезінде су 8 есе үнемделеді. Шаруа өзен, көлден немесе су қоймаларын су алып отырған жоқ. Бір скважинаның күші 50-56 гектар жерге жетеді. Одан кейін тыңайтқышқа да жеңіл. Химиялық қоспа 68 есе үнемделеді. Қытайлықтар қызылша сепкенде химиялық тыңайтқышты мөлшерлеп беріп отырады.

«Бұрын біз ашық су көздерімен суғарып, ағын су рәсуә болатын. Екіншіден 200 кг ұғыт қызылшаға толық әсер бермей, сумен ағып егіннің аяғына кетіп қалатын. Демек, суға, жұмыс күшіне және ұғытқа бұл тәсіл өте тиімді. Аз-аздан бере отырып, көп өнім алуға жол ашады. Мысалы көктемде 275 гектар жерде бар болғаны 40-қа тарта адам жұмыс істеді. Бұрын 200-300 адам еңбек ететін. Механизаторы бар, трубаны жалғайтыны бар, тетікті басатыны бар бәрі бір істің артында жүретін», – дейді кәсіпкер.

Бұл әдіс-тәсілді әр шаруа көтере алмайды. Ол үшін мемлекет тарапынан үлкен көмек қажет. Мәселен, «BOLAT Group LTD» ЖШС осы маусымды шығынмен аяқтауы мүмкін. Пайдаға шығу үшін 500 гектарға себу керек болған. Оған үлгермеген. Себеп алғаш қазған скважинадағы кесел. Алакөл ауданына облыс жүктеген тапсырма 2 мың гектар жерге қант қызылшасын егу болатын. Бұл нәтижеге жету үшін тамшылатып суару технологиясы ауадай қажет. Оған бар шаруаның қалтасы көтере бермейді. Бір электр энергиясын тартудың өзі оңай емес. Әрбір 50 гектар жерге бір трансформатор қойылады. Ол 3 млн. 700 мың теңгені құрайды. Оған бағана керек. Қараңыз, мың гектар жерге кемі 200-дей бағана кетеді. Ол әрбір 50 метр сайын қойылады.

«Келісімшарт бойынша біздің міндет тоқпен қамтамасыз ету және су көзін табу болатын. Қалған дүние қытайлықтардың мойнына жүктелген. Дегенмен, біз ойлағандай болмады. Қазір біз оларға біраз қарызбыз. Бастаған соң аяғына дейін бітіруге уағдаластық. 15 жылға келісімшартқа отырдық. Енді 4 мың кВт трансформаторды қоюдың өзі 46 млн. теңгеге шығып отыр. Әр насостың қуаты 70 кВт, мың гектар жерге 19 насос қажет. 19 дегенің 2 мың кВт құрайды. Біз 3 мың гектар жерге қызылша себуді көздеп отырмыз. Жылына 150 тонна өнім алсақ, қалған шаруалар 40-50 тоннадан жинады дегеннің өзінде Алакөлге қант зауыты міндетті түрде қажет»,– дейді Б. Сейірбаев.

Шыны керек, Жетісуда егін шаруашылығының мәртебесін қант қызылшасы көтеріп тұр. Қазір өңірде жүзден астам үлкенді-кішілі шаруалар тәтті түбір егеді. Өңірде Ақсу және Көксу қант зауыттары жұмыс істеп тұр. Кезінде Бескөл, Ескелді зауыттары да өнім қабылдайтын. Бұл жердегі бір мәселе алыс елді мекендерден қатынайтын шаруалардың жол шығыны. Зауыт өнімге бар болғаны 3 теңге қосып қабылдайды. Бұл жол шығынын ақтамайды.

«Ел президентті су үнемдейтін озық технологияны енгізуді жылдамдату туралы тапсырмасына сай Жетісу өңірінде әр ауылдық округтер бөлінісінде 2024-2030 жылдарға арналған мастер-жоспар әзірленген. Мысалы, былтыр өңірде су үнемдеу технологиясын қолдану 9,3 мың гектарды құраса, биыл 31,2 мың гектарға жеткізу жоспарланып отыр. Соның 7,5 мың га тамшылатып, 23,7 мың га жаңбырлатып суару жүйесі болады. Биыл 42 шаруашылық 7 мың гектарға жуық жерде су үнемдеу технологияларын пайдалануда. Биыл қызылша өнімін мол жинаймыз деп отырмыз», – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басшысы Нұрдәулет Кененбаев.

Ендігі бір мәселе – сала маманының жоқтығы. Мәселен қытайлық білікті мамандарды Қазақстанды еркіндігі шектеулі. Өзбек не қырғыз азаматтары секілді шаруаға араласа алмайды. Оларға жұмыс істеуге рұқсат берілмейді. Біздің елге дипломы бар мамандар келіп істеуі керек. Ал олардың Қазақстанға келгісі жоқ. Сол саланың ішінде жүрген шетел азаматы бізге келіп қызмет көрсетуіне заң аясында тыйым салынған. Жергілікті азаматтар жаңа технологияның қыр-сырын білмейді. Сондықтан істі білетін қытайлық мамандар келіп, бір жыл түсіндірсе, жергілікті жұртқа да жұмыс табылайын деп тұр.

«Өзбек, тәжік, қырғыз азаматтары қалай келіп жұмыс істеп жүр, сол үрдісті қытайлықтарға да ашу керек. Шекарадан 26 камазбен 13 метрлік труба кіргіздік. Сол бекетте 6 күн тұрды. Сол 6 тәулікке 700 мың ақша төледік. Айқайласып жүріп өткіздік. Әбден берекеміз кетті. Келген мамандарды жергілікті полиция департаментінің қызметкерлері қамауға алды. Менен бастап бәріміз түрмеге тергеуден өттік, кейбірі түрмеге отырып шықты. Әрқайсымыз 200 мың теңгеден айыппұл төледік. Сондықтан Үкімет осы заңды түзеу керек. Бізде қазір істеп жүрген бір қазақ бар, ол да қандас бауырымыз», – дейді кәсіпкер.

Былайша айтқанда, шайнап берген асты жұта қоятын қазақ маманы жоқ. Қытайлықтарды арнайы шақырту жасап, В2 деген санатпен кіргізген. Бірақ бұл санатпен Қазақстанда жұмыс істеуге болмайды.

Жалпы, қытайлық технологияны елге кіргізбесек, біздегі ауыл шаруашылық саласы тасбақа жүріспен жүре бермек. Кеңес өкіметі тұсында гектарына 50 тонна алса, бұл жоғары нәтиже болған. Ал қытайлық тәсілмен 150 тоннаға дейін алуға болады.

Мұхтар КҮМІСБЕК

Дүйсенбі - Понедельник, 7 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.10 «Жәдігер»
06.30, 04.15 «Інжу-маржан»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Қол созған үміт»
12.10,02.45 Тату-тәтті
14.10 «Апта»
15.00Т/х«Замандастар»
17.10 «Қызық екен»
20.30 «Ашық алаң»
21.25 т/х «Сен қасымда болмасаң»
22.15 Т/х «Өгей өмір»
23.10 «1001 түн»
00.45«Ашық алаң»
01.30 «Сана»
04.55 «Ауылдастар»

ХАБАР

05:00 «Кім мықты»
07.00 «Оян»
10.00 «Біздің назарда»
10.25 Сериал Лестница в небеса
12.00, 20.00 Т/х «Әйел бақыты»
14.00, 22.00 Т/х «Күзде келген Көктем»
15.00 Т/х «Келинжан»
16.00, 22.50 Кино «Тимучин»
18.00 «Әсем әндер»
18.30 Новости
19.00 Ток-шоу
19.30 Жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х«Қорғаушы ханым»
06.20 Жұрттың балалары
06.40 м/с Маша и медведь
09.00, 21.00 Алпарслан түрік т/х
10.20, 18.50 сериал «Без тебя»
11.35, 23.25 «Жігіттің Сабаздары»
13.15 т/х Тұзақ
14.00 «Құрақ» Т/х
15.15, 02.00 «На твоей стороне»сериал
16.20 сериал «Страсти по зиниде»
20.00 Астанатаймс
21.55 үнді т/х Адасқан сезім
01.00 т/х Тақ тартысы

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Маленькая барабанщица» Т/х
07.20, 04.25 «Родители года» Т/х
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жребий судьбы»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 Қослайқ
18.30 Басты жаңалықтар
19.00, 02.25 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Кино
00.20 ночной кинотеатр
01.55«Жаңалықтар»
03.10 «Басты жаңалықтар»

КТК

07:05 «Ирим»
08.05, 05.30 намыс
11.00 «Пробуждение любви»
14.50,02.20 «Бессмертник»
18.00 «Мұрагер»
19.30, 05.05 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.20 «Астарлы Ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Никто не совершенен»
23.50 о/детектив

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Ел іші - өнер кеніші»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Біздің өңір»
11.00 «Шіркін-ай»
12.00 «Әсем әуен»
12.40 «Шашу»
13.30 «Туынды тарихы»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Байлық»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Таза мекен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
06.50 «Ризамын»
07.20 тайм вайн
07.50 «Қызыл шербет»
08.50 Саумал
09.00 «Маша и медведь»
10.00 «Нархоз студент көке»
11.10, 00.40«Келіндер байгесі»
12.20 Тик ток шоу
12.50 тайм вайн
13.00 Кино
15.10 Кино
17.50 Кино
20.00 Информбюро
21.00 Кино
23.40 кино
01.40 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02.50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.20 1001 әзіл
04.30 бала батл
05.00 ватсап
05.20 ризамын

7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Qелі»
06.30, 00.00 Т/х «Алданған арман-2»
07.30,19.30 Т/хҚұтқару қызметі
08.00,18.00 т/х «Абысындар-2»
09.00 «Здоровье с Айнур Тажиной»
09.30 «Кухня»
10:00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00сериал«Московский роман»
12.15 Сериал «Пока станица спит»
16.30 т/х ғаламат ғасыр. Хюрем
22.10 сериал
00.10 Батыл жүрек т/х
02.10 «Ағайынды»
03.00 Жеңіп көр
04.00 япырай
04.50 Алло бұл кім?
05.52 үзіліс

Сейсенбі - Вторник, 8 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.40 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х«Қол созған үміт»
12.10, 03.10 Тату-тәтті
14.10 Ақорда
14.20, 01.30Әлем және біз
14.40 Деректі фильм
15.00, 21.25 Сен қасымда болмасаң т/х
16.00Замандастар
17.10 Қызық екен
20.30 Ашық алаң
22.15 Т/х «Өгей өмір»
23.15 мың бір түн
00.45 Ашық алаң
02.10 Сана
05.00 Ауылдастар

ХАБАР

05.00 «Кім мықты»
07.00 Оян
10.00 «Народный контроль»
10.25 «Лестница в небеса»
12.00, 20.00 «Әйел бақыты»
14.00,22.00 «Күзде келген көктем»
15.00 «Келінжан»
16.00, 22.50 «Миссия выполнима»
18.00 «Әсем әндер»
18.30 Новости
19.00 ток-шоу
19.30 жаңалықтар

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.20 «Жұрттың балалары»
06.40 «Маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.20 сериал «Без тебя»
11.35, 23.25«Жігіттің сабаздары»
13.15«Тұзақ»
14.00 «Құрақ»
15.15, 02.00 сериал «На твоей стороне»
16.20 сериал «Страсти по зинаиде»
20.00 Астанатаймс
21.45 Сериал «Адасқан сезім»
01.00 Тақ тартысы

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Маленькая барабанщица» Т/х
07.20, 04.25 «Родители года» Т/х
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Модный приговор»
10.50 «Давай поженимся»
11.45 «Любить и ненавидеть»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 Қослайқ
18.30 Басты жаңалықтар
19.00, 02.25 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Кино
01.00 Ночной кинотеатр
01.55 «Жаңалықтар»
03.10 «Басты жаңалықтар»

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Намыс т/х
09.00 Вечерние новости
09.40 «Было дело»
10.40, 23.40 «Шеф игра на повышение»
12.25, 21.40 «Никто не совершенен»
14.10,02.20Бессмертник
18.00 «Мұрагер»
19.30, 05.05 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.20 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
01.40 мелодрама
05.30 намыс

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
13.15 «Әсем әуен»
13.30 «Баспасөзге шолу»
14.00 «Таза мекен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Құрмет»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Дала сыры»
19.30 «Сіз не істедіңіз?»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
07.50 «Қызыл шербет»
08.50 Саумал
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Әсем әуен»
21.30 «Біздің өңір»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Маша и медведь»
08.30 «TIK TOK show»
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.25 «Маша и медведь»
11.00 «12 ЧАСОВ»
11.40 «Приключения Тинтина. Тайна единорого»
14.10 «Ледниковый период»
16.10 «Книга Джунглей»
18.30 «Пираты Карибского моря.Мертвецы не рассказывают сказки»
21.20 «Инферно»
00.10 «Мачо и Ботан-2»
02.10 «31 әзіл»
03.00 TikTok show
03.30 «1001 әзіл»
03.40 BALA BATTLE
04.00What's up?
04.30 Әзіл студио
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.25,02.50 Қызықты Weekend
07.25 Кухня «Великолепного Века»
07.30, 18.00 «Абысындар-2»
09.30 «Здоровье с Айнур Тажиной»
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00 «Юморина»
12.15 «Пока станица спит»
16.30 «Что это было?»
17.00 «Ғаламат ғасыр.Хюрем»
19.00 «Жетінші студия Нартай Аралбайұлы»
21.00 «Эртугрул»
22.50 Динара Сатжан
23.50 «Көңілді тапқырлар алаңы»
01.40 «Бастық боламын»
03.35 «Жеңіп көр»
04.35 «Алло,бұл кім?»
05.47 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘСКЕРИ ӨМІР

РАДЖАН БАТЫРХАНОВТЫҢ ЕРЛІГІН ҮЛГІ ЕТТІ

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНЕ ҚАРАСТЫ «ҚОРҒАС» ШЕКАРА МАҢЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНДА «ЗАСТАВА ТАРЛАНДАРЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ЗАПАСТАҒЫ ПОЛКОВНИК НИКОЛАЙ МЕЧЕТИНМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ.

Кездесуде 1994 жылғы қыркүйек айында Тәжік-Ауған шекарасында орын алған қарулы қақтығыста қаза тапқан Раджан Батырхановтың ерлігі туралы айтылды. Ардагердің сөзінше, мектепті бітіре сала әскер қатарына қабылданған оғлан 19 жаста ғана болыпты. Жастығына қарамай, өзге елдің шекарасында қарулас достарын аман алып қалу үшін кеудесін оққа төсейді. Өкінішке орай, өзі отты нүктеден аман шыға алмай қалады. Ерлік ел мен жерді, уақыт пен жасты таңдамайды деген осы шығар...

Запастағы полковник Николай Мечетин қандасымыздың қажет кездегі ерлігін айта отырып, шекара сақшыларын өз елінің патриоты болуға шақырды. Туған жердің жарқын келешегі үшін бойларындағы бар күштерін аямауға үндеді.

Жас өреннің қайтпас қайсарлығын жоғары бағалаған Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Раджанды I дәрежелі «Спитамен» орденімен марапаттады. Жанкешті ер жүректігін өз ұлтына үлгі қылды. Себебі «Қазбат» сарбазының ерлігінің үлгісі мәңгілік.

ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ АЛАКӨЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ШЕКАРА БАСҚАРМАСЫ «КҮЗ-2024» МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІН ҚАБЫЛДАУДЫ БАСТАДЫ.

ЖАС САРБАЗДАРДЫ ҚАРСЫ АЛУДА

Жастарды қалыптасқан үрдіс бойынша салтанатты түрде қарсы алу шарасында Алакөл ауданы бойынша шекара басқарма бастығы подполковник Мақсат Рысдәулетов сөз алып, жүрекжарды тілегін білдірді.

«Құрметті, жас сарбаздар! Сіздер, Шекара қызметінің қатарына Отан алдындағы азаматтық парыздарыңызды өтеуге келдіңіздер. Енді сіздер Шекара шебін берік күзету ісінде жүрген шекара сақшыларының бірісіздер. Үйде ата-аналарыңыз ұлдарының осындай абыройлы да беделді жауынгерлік қызметте жүргендеріңізді мақтан тұтуда. Алдағы уақытта ел сеніміне сілкеу түсірмей, туған жер алдындағы қызметтеріңізді абыроймен ақтайтындарыңызға бек сенемін!» – деді ол.

Бес жүзге жуық сарбаз Техникалық және кәсіби даярлық бөлімінде ант қабылдап, шекарашылардың өмірімен танысатын болады. Сонымен қатар, оқу орталығында кинолог, көлік жүргізушісі, прожекторист, радиолакациондық станциясының операторы, электро-құралдар шебері, шекара бақылаушы, атқыш сияқты мамандықтарға даярланады. Сабақты тәжірибелі оқытушылар жүргізеді.

Келесі жылдың қаңтар айының басында «Күз-2024» мерзімді әскери қызметшілері оқу барысында алған мамандықтары бойынша шекара бөлімшелеріне жолданады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.

МАМАН МІНБЕРІ

ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ЖАЙЛЫ

Түрлі қылмыстық істерді қарау барысында сотқа қатысушы тараптар қылмыстық сот ісін жүргізу деген сөз тіркестерін жиі еститіні құпия емес. Енді осы заң термині қандай ұғымды білдіретін жайлы оқырмандарға қарапайым тілмен түсінік бере кетсек артық болмас. Сонымен, қылмыстық іс жүргізу құқығы – бұл қылмыстық істер бойынша іс жүргізу тәртібін бекітетін құқықтық нормалар жүйесі.

Ол қылмыстық істерді қозғау, тергеу, сотта қарау бойынша анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және соттың қызметін және үкімнің орындалуының іс жүргізу мәселелерін реттейді.

Қылмыстық іс жүргізу – соттың, прокуратура, алдын ала тергеу және анықтау органдарының қоғам мен азаматтардың мүдделерін қылмыстық қиянаттардан қорғауға байланысты өз міндеттерін орындау мақсатында жеке тұлғаларды да қатыстыра отырып атқаратын заңмен реттелген қызметі, сондай-ақ осы қызмет саласында туындайтын құқықтық қатынастар жүйесі болып табылады.

Айта кету керек, қылмыстық іс жүргізу қызметін «қылмыстық сот ісін жүргізу» деп те атауға болады және мұның өз себебі бар. Ол себеп қылмыстық іс жүргізу алдын ала тергеу органының қызметімен аяқталмай, істің сотта қаралып шешілетіндігіне байланысты.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің 42-1-бабының негізінде Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісі қағаздағы және (немесе) электрондық форматтарда жүргізіледі.

Бұл ретте, қылмыстық процесті жүргізуші адам қылмыстық процеске қатысушылардың пікірін және техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізуге құқылы, бұл туралы уәжді қаулы шығарады.

Айта кету керек, қылмыстық процеске қатысушының пікірі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, судьяға өтінішхат түрінде енгізіледі, ол осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралады. Қылмыстық сот ісін одан әрі электрондық форматта жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, қылмыстық процесті жүргізуші адам қағаздағы форматқа көшеді, ол туралы уәжді қаулы шығарады. Сонымен қатар, қылмыстық процесті электрондық форматта жүргізу туралы қаулыға қылмыстық процеске қатысушылар осы Кодекстің 100-бабында көзделген тәртіппен шағым жасай алады.

Мына мәселеге де баса аназар аударған орынды. Қылмыстық сот ісі қағаз форматта жүргізілген кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы процестік шешімдер қабылдауға және оларды прокурорға келісуге не бекітуге жіберуге, сондай-ақ осы Кодексте көзделген жағдайларда, құпиялылықты сақтауды талап ететіндерін қоспағанда, қабылданған шешімдер туралы прокурорды хабардар етуге және процестік шешімдер мен қылмыстық істің басқа да материалдарының көшірмелерін электрондық форматта жіберуге құқылы.

Айгүл ҚАСЕНОВА,
Алматы облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы.

БІТІМГЕРШІЛІК

МЕДИАЦИЯ – ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІ

«Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» деген нақыл сөз бар. Осы қағида нақты медиаторларға қарата айтылған сыңайлы. Өйткені дауласушы тараптардың арасындағы ушығып тұрған даудың отын тұтатпай, екі жаққа да тиімді жолмен дау-дамайсыз шешу осы арағайындықтың рөлін атқаратын медиаторларға, олардың біліктілігі мен біліміне тікелей байланысты. Сондықтан медиациялық жолмен бітімгершілікке келуде медиаторлардың шеберлігі көп нәрсені шешеді.

Ал енді жалпы медиацияның өзі не дегенге тағы бір тоқтала кетсек артық болмас. Бүгінгі таңда медиация қоғам қажеттілігіне айналып, оның танымалдығы күн санап арта түсуде. Медиация – құқықтық мәдениеттің қажетті элементі, медиацияны қоғамдық қатынастарды реттеуде кеңінен қолдану – азаматтық қоғамға көшудегі маңызды қадам. Медиация азаматтардың жауапкершілік сезімін, олардың іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіну және қабылдау мәдениетін арттырады. Медиация – жанжалға мүдделі емес үшінші тараптың қатысуымен дауларды бейтарап және әділ баламалы реттеу нысаны болып табылады.

2011 жылдың 28 қаңтарында «Медиация туралы» Заң қабылданды, ол Қазақстанның бүкіл құқықтық жүйесі үшін маңызды оқиға болды. Қазақстан тарихында алғаш рет құқықтық кеңістікте жауапкершіліктің жаңа түрі немесе міндеттемені қамтамасыз ету тәсілі емес, адам құқықтарына, бостандықтарына және адамның өзіне деген құрметін арттыруға, өркениетті азаматтық және тұлғааралық қатынастарды қалыптастыруға, әлеуметтік және өзге де жанжалдарды шешуге арналған қоғамдық сананы нығайтуға бағытталған жаңа құқықтық институт пайда болды.

Медиатор тараптардың әрқайсысымен жеке-жеке тілдесіп, бірлескен кездесулердегі дәлелдер мен шағымдарды талдай отырып, жанжалды реттеу және дауды шешу үшін дауласушы екі тарапқа да тиімді ортақ шешімді табуға көмектеседі.

Медиация рәсімінің нәтижесінде қол жеткізілген, медиативтік келісімге қол қою арқылы ресімделетін, тараптар үшін өзара тиімді кез келген шешім мәміле-ымыраға келу болып табылады. Шешімді тараптар ерікті түрде орындайды.

Дәурен ЖАНАЙБЕКОВ,
Талдықорған қалалық сотының
бас маманы, сот отырысының
хатшысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАНЫМ

БАҚЫТТЫ ҚАЛАМГЕР

АДАМ ЖАНЫНА, ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАБАТЫН ДА ОНЫҢ АДАМДЫҚ БОЛМЫСЫНЫҢ АЖЫРАМАС ҚАСИЕТІ САНАЛАТЫН ТІЛІМЕН ӨЗЕКТЕС СӨЗ ӨНЕРІ – ӘДЕБИЕТ ЕКЕНІ АҚИҚАТ. ОСЫ ОРАЙДА ШЫҒЫСТЫҢ ҰЛЫ ФИЛОСОФЫ ЦАО ПИДІҢ: «ӘДЕБИЕТ-МЕМЛЕКЕТ БАСҚАРУДАҒЫ ҰЛЫ ІС» ДЕГЕН ҚАҒИДАСЫНЫҢ ДА МӘНІ ЗОР ЕКЕНІН ПАЙЫМДАУҒА БОЛАДЫ. ДЕМЕК, ЕЛ ТІЗГІНІН ҰСТАҒАН АДАМҒА КӨРЕГЕН КӨСЕМДІК ҚАНА ЕМЕС, ШЫНДЫҚТЫҢ ШЕКАРАСЫНАН АСПАЙТЫН, СӨЗІНЕ ЕЛ-ЖҰРТТЫ ҰЙЫТА АЛАР ШЕШЕНДІК ҚАЖЕТ ЕКЕНІН ҰҒУҒА БОЛАДЫ. СОНДЫҚТАН САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК, МӘДЕНИ ӨМІРІМІЗДЕ СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ОРНЫ БАР ДЕСЕК ҚАТЕЛЕСПЕСПІЗ.

Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев жастарды кітап оқуға баулуды, жаппай кітап оқитын ұлтқа айналуды басым бағыттардың қатарында атап өткен болатын. Шынында, қайта құру кезеңінде өмірімізге нарықтық-экономикалық қатынастардың енуі, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ауыртпалықтар, қазіргі гаджеттің әлегі қалың қауымды кітап оқудан айырғаны жасырын емес. Алайда, бүгінгі таңда көзбен көріп те, естіп те жүрміз көпшілік, әсіресе, жастар мәдени орындарға баруға, кітап оқуға ынталы бола бастады. Себебі еліміздің іргесі бекіп қана қоймай, өмір-тұрмысы жақсарып, мәдени-экономикалық қуаты ілгерілеп келеді. Бұған ел ішінде жүргізілетін әлеуметтік-мәдени іс-шаралардың да қосар үлесі зор екеніне көз жеткізуге болады. Жақында ғана Жетісу облысы, Сарқан ауданына қарасты Қойлық ауылының К. Қазыбаев атындағы мәдениет үйінде өткен дүниеден озғанына санаулы жыл ғана болған өлкетанушы, жазушы, аудармашы Заман Самалбекұлы Төлеуов атындағы «Тастұма» рухани-танымдық залының ашылуы руханиятымызға өзіндік олжа салған игілікті іс-шара болды. Бұл әдеби-мәдени іс-шара тікелей ел адамдарының, оның ішінде ауыл жастарының, жалпы қалың көпшіліктің кітап оқу мәдениетін арттыруды, кітап оқуына ықпал етуді мақсат еткені көзге түседі. Конференц-залға келуші оқырман қауым, жастар, мектеп оқушылары осы өлкеде туып-өскен, дәл осы мәдениет үйінде аянбай қызмет еткен дарынды жазушы Заман Самалбекұлы Төлеуовтің шығармашылық мұрасымен және басқа да қажетті әдеби-мәдени ақпараттармен танысты.

«Тастұма» рухани-танымдық залының ашылуына Сарқан ауданының әкімшілігі мен жазушының жерлестері, оқырмандары қолдау көрсетсе, жазушы Заман Төлеуовтің аяулы жары Гүлмира Ажиханова тікелей мұрындық болды.

Жазушы Заман Төлеуовті сирек дарын иесі деуге болатын шығар. Ол тағдырдың талқысына мойымастан сан түрлі кәсіпті де (дәрігер, спортшы) меңгерген, оның сан түрлі өнері де (суретші, мүсінші) өз ортасына танымал болған жан екенін аталған іс-шара барысында көз жеткізе түстік. Салтанатты жиында алғаш сөз алған Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Алмас Байғұнысов ерекше дарынды тұлға Заман Самалбекұлының жазушылық өнерін ел-жұрты бағалайтынын, өйткені ол көркем шығармаларында қазіргі заман шындығын көркем бейнелегенін, ал публицистикалық мақалаларында ұлтымыздың өміріндегі өзекті мәселелерді батыл талқыға салғанын сөз ете келіп, қаламгер мұрасының құндылығы оның көркемдігінде ғана емес, келешек ұрпақты елі мен жерін сүюге, еңбекқорлыққа, кісілікке баулудағы әлеуметтік-эстетикалық мәнінде екенін баса айтып өтті. Қазақстан Жазушылар одағының Жетісу облысындағы өкілі, ҚР Мәдениет саласының үздігі, ақын Жанкелді Немеребай да жазушының табиғи дарынынан туған әңгімелеріндегі шеберлікке, жалпы жазушы шығармаларындағы суреткерлік пен шынайылықтың сырларына, баяндау тіліндегі лаконизм мен стильдік даралығына тоқталды.

«Тастұма» рухани-танымдық залының ашылу салтанатына Алматыдан арнайы келген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің ұстаз-ғалымдары қатысып, өздерінің тұщымды ойларымен бөлісті. Сондай-ақ, «Сарқан» газетінің бас редакторы, халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Жомарт Игіман бір кездегі үзеңгілес әріптесі, қимас қаламдасы Заман Самалбекұлының кісілік қасиеті, жан жылуы, іскерлігі, жазушылық өнері туралы төгіле де егіле сөйледі.

Салтанатты жиынды мәдениет үйінің қызметерлері, өнерпаз қауым әнмен өңдеп, музыкамен әдіптеп, жиналған көпшілікті тың әсерге бөледі. Жазушының өмірінде жанына жақын тұтқан ақын інісі Жанкелді Немеребайдың сөзіне жазылған «Заман аға», жазушының аяулы жары Гүлмира Ажиханованың сөзіне жазылған абзал азаматына деген зары мен сағынышына толы әндер залдағы жұртшылықты ерекше тебірентті.

Жиын соңында Гүлмира ханым асыл жары, ғаламат суреткер Заман Самалбекұлының рухына бағыштап ас берді.

Қойлық ауылында ашылған белгілі жазушы Заман Самалбекұлы Төлеуов атындағы «Тастұма» рухани-танымдық залы ел игілігіне айналып, жазушының мұрасы мәңгі жасайтыны сөзсіз.

Раушан ӘБДІҚҰЛОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қауымдастырылған профессоры.

КІТАПХАНАДА

«ҮЗДІК БИБЛИОГРАФ» БАЙҚАУЫ ӨТТІ

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫНЫҢ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС АҚПАРАТТЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ, КІТАП ПЕН ОҚУДЫ НАСИХАТТАУ, КІТАПХАНАЛАРДЫҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕСІН ЗЕРДЕЛЕУ, ЖИНАҚТАУ, ТИІМДІ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІН ТАНЫМАЛ ЕТУ МАҚСАТЫНДА «ҮЗДІК БИБЛИОГРАФ» БАЙҚАУЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Байқауға сегіз үміткер қатысып, үш кезең бойынша біліктілігін сынға салды. Жарыстың алғашқы кезеңінде қатысушылар әртүрлі қырынан, заманауи бағдарламаларды пайдалана отырып өздерін таныстырып ақпараттық-библиографиялық жұмыстар түрлерінен берілген сұрақтарға жауап берді. Екінші кезеңде «Библиографиялық баспа жұмыстары» атауы бойынша өлкетану әдебиеттерін насихаттау мақсатында құрастырған библиографиялық баспа құралдарын таныстыру, қорғау, кітап көрмелеріне оқырмандарды қызықтыратындай етіп шолу жасауға міндеттелді. Ал «Тарихы терең өлкем» атты кезеңінде қатысушылар өз өлкесінің танымал тұлғалары, тарихи орындары мен уақиғалары туралы нақты деректер келтіріп сөз сөйлеу шеберлігі мен тіл тазалығы сыналды.

Байқау қорытындысы бойынша «Үздік библиограф» номинациясын көп жылдан бері осы салада қызмет көрсетіп келетін Ақсу аудандық кітапханасының библиографы Гүлшат Тұрсынқызы иеленсе, «Үздік библиографиялық құрал» номинациясымен Ескелді аудандық кітапханасының кітапханашысы Жазира Шындәулет марапатталды. Жеңімпаздарға арнайы сыйлық табыс етілді. Байқауға белсене қатысқан барлық қатысушы Алғыс хат иеленді.

Ғалия ЕШЕНОВА,
Жетісу облысының Сәкен Сейфуллин атындағы орталық кітапханасының бөлім меңгерушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СИСТЕМА ТӨРЕЛІК

ОБЕСПЕЧИВАЕТ НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ КОНТРОЛЯ

В современных условиях возрастает потребность в оперативном поиске и получении информации, требуется оптимизация и ускорение любых, в том числе судебных процедур, автоматизация бизнес-процессов. Широкое внедрение передовых АйТи-технологий, интеграция информационных систем серьезно повышает мобильность и прозрачность правосудия и в тоже время сужает коррупциогенность судопроизводства.

Повышение доступности к правосудию мы, прежде всего, видим в создании удобных и понятных для простого пользователя инструментов, то есть для населения РК, позволяющих беспрепятственно общаться с судом. В целях взаимосвязанной и слаженной работы АйТи-проектов, необходимо их объединение в рамках единой информационной системы, интегрированной с другими внешними системами и базами. Это задача решается автоматической информационной системе судебных органов «ТӨРЕЛІК». Она обеспечивает оперативный доступ к обмену информационных данных, высокую степень надежности и решает такие задачи как ведение автоматизированного учета и контроля соблюдения процессуальных сроков, формирование статистических и аналитических отчетов, упрощение делопроизводства и судопроизводства. При этом, участники процесса также имеют возможность постоянно контролировать процессуальные сроки, регистрацию и принятие заявлений, а также продление сроков рассмотрения по делу, что дисциплинирует работников судов и исключает волокиту с документами, так как система мониторит нарушения всех контрольных сроков.

Преимущество информационной системы Торелик также интеграция с внутренними и внешними информационными системами, то есть переход на безбумажные технологии взаимодействия с государственными и правоохранительными органами. Централизованная архитектура сохранение материалов и данных дел в центральной базе, по мере поступления, онлайн-доступ заинтересованных лиц к документам и судебным актам. Уникальность системы «Торелик» состоит в том, что она позволяет вести автоматизированный учет и контроль соблюдения сроков при регистрации, рассмотрении исковых заявлений (жалоб) и в целом за соблюдением всех процессуальных сроков.

Система осуществляет доступ ко всем необходимым в процессе отправления правосудия информационным базам государственных органов. «Торелик» позволяет выполнить сразу три задачи: эффективно организовать работу судей, облегчить и упростить доступ к судебной защите, обеспечить новые возможности для контроля и исключения человеческого фактора, в том числе любых не процессуальных контактов.

Использование информационно-коммуникационных технологий в судебной деятельности дает ряд огромных возможностей и преимуществ:

- освобождение судей и судебных работников от рутинного, непроизводительного и не требующего больших интеллектуальных затрат труда, ускорение «бизнес-процессов», формирование и использование больших по объемов и разнообразных по содержанию статистических и аналитических данных;
- повышение возможностей эффективного мониторинга и контроля за судопроизводством, как со стороны самого суда, так и со стороны общественности, что стимулирует объективное и беспристрастное отношение к организации;
- облегчение доступа к правосудию, сокращение судебных издержек и расходов на содержание судебной системы;
- повышение открытости правосудия за счет расширения доступа к актуализированной и полной судебной информации, обеспечение «обратной связи» судов с населением, что в конечном итоге влияет на степень доверия к судебной власти;
- обеспечение режима правовой определенности, через формирование и доступ к единообразной судебной практике по разрешению конкретных судебно-правовых споров, что непосредственно отражается на стабильности и предсказуемости правовых отношений.

Арайлым МЫНЖАНОВА,
судья Коксуского районного суда.

ГРАЖДАНСКОЕ СУДОПРОИЗВОДСТВО

ОСУЩЕСТВЛЯЕТСЯ В СООТВЕТСТВИИ С ПРОЦЕССУАЛЬНЫМ ЗАКОНОМ

Гражда́нский проце́сс (гражда́нское судопроизво́дство) – урегулированная нормами гражданского процессуального права деятельность суда, лиц, участвующих в деле, и других участников судебного производства, связанная с рассмотрением и разрешением по существу гражданских дел, а также деятельность органов принудительного исполнения судебных актов, принятых в результате такого рассмотрения и разрешения.

Порядок судопроизводства по гражданским делам на территории Республики Казахстан определяется конституционными законами Республики Казахстан, Гражданским процессуальным кодексом Республики Казахстан, основанным на Конституции Республики Казахстан и общепризнанных принципах и нормах международного права. Положения иных законов, регулирующих порядок гражданского судопроизводства, подлежат включению в настоящий Кодекс.

Международные договорные и иные обязательства Республики Казахстан, а также нормативные постановления Конституционного Совета и Верховного Суда Республики Казахстан являются составной частью гражданского процессуального права.

Законодательство Республики Казахстан о гражданском судопроизводстве устанавливает порядок рассмотрения дел по спорам, возникающим из гражданских, семейных, трудовых, жилищных, финансовых, хозяйственных, земельных и других правоотношений, а также дел особого производства.

Конституция Республики Казахстан имеет высшую юридическую силу и прямое действие на всей территории Республики. В случае противоречия между нормами настоящего Кодекса и Конституции Республики Казахстан действуют положения Конституции.

В случае противоречия между нормами настоящего Кодекса и Конституционным законом Республики Казахстан действуют положения Конституционного закона. В случае противоречия между нормами настоящего Кодекса и иными законами действуют положения настоящего Кодекса.

Международные договоры, ратифицированные Республикой Казахстан, имеют приоритет перед настоящим Кодексом и применяются непосредственно, кроме случаев, когда из международного договора следует, что для его применения требуется издание закона.

Гражданское судопроизводство осуществляется в соответствии с гражданским процессуальным законом, введенным в действие к моменту выполнения процессуального действия или принятия процессуального решения.

Маншук КАЛИЕКОВА,
судья Медеуского районного суда города Алматы.

ЗАКОН

ВЫДВОРЕНИЕ ЗА ПРЕДЕЛЫ РК

При рассмотрении дел о выдворении иностранцев или лиц без гражданства за пределы Республики Казахстан судам следует учитывать, что законодательство Республики Казахстан, регулирующее вопросы выдворения иностранцев или лиц без гражданства за пределы Республики Казахстан, основано на Конституции Республики Казахстан и включает в себя нормы Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан, Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях", Закона Республики Казахстан от 19 июня 1995 года № 2337 "О правовом положении иностранцев", другие нормативные правовые акты.

Судам также необходимо руководствоваться Международным пактом о гражданских и политических правах (Нью-Йорк, 16 декабря 1966 года), Конвенцией о правовом статусе трудящихся-мигрантов и членов их семей государств – участников Содружества Независимых Государств (Кишинев, 14 ноября 2008 года), Договором о правовом статусе граждан одного государства, постоянно проживающих на территории другого государства (Москва, 28 апреля 1998 года), и другими международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан.

По содержанию административное выдворение и выдворение в порядке гражданского судопроизводства представляют собой принудительное или контролируемое уполномоченными органами самостоятельное перемещение иностранцев или лиц без гражданства за пределы Республики Казахстан, осуществляемое на основании постановления (решения) суда за совершение административного правонарушения либо нарушения законодательства.

При рассмотрении дел о выдворении иностранцев и лиц без гражданства необходимо разграничивать административное выдворение, применяемое в порядке реализации норм КоАП, и выдворение, осуществляемое в порядке особого производства, предусмотренного ГПК.

Административное выдворение за пределы Республики Казахстан иностранцев или лиц без гражданства может применяться в качестве основного или дополнительного административного взыскания, налагаемого в порядке и по основаниям, установленным особенной частью КоАП.

Наказание о выдворении иностранца или лица без гражданства исполняется органами национальной безопасности и внутренних дел Республики Казахстан.Исполнение вступившего в законную силу приговора суда по выдворению иностранца или лица без гражданства производится в принудительном порядке после исполнения основного вида наказания.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
судья Илийского района
Алматинской области.

КОРРУПЦИЯ

БЕСКОМПРОМИССНАЯ БОРЬБА ДО ПОЛНОГО ЕЕ ИСКОРЕНЕНИЯ

Согласно 1 статьи Закона Республики Казахстан "О коррупции": «Под коррупцией в настоящем Законе понимается не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей, а равно подкуп данных лиц путем противоправного предоставления им физическими и юридическими лицами указанных благ и преимуществ». То есть, коррупция, прежде всего, это злоупотребление служебными полномочиями.

Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают в обществе недоверие к органам власти.

Республика Казахстан основываясь на нормах международного права, выразила намерение вырабатывать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней. Нормы предопределены проблемами и угрозами, порождаемыми коррупцией, негативным влиянием коррупции на функционирование всех общественных и правовых институтов и отношений. Они направлены на обеспечение устойчивого развития государства, его политической, экономической и социальной систем, интересов национальной безопасности.

Глава государства Касым-Жомарт Токаев на совещании с руководящим составом Агентства по противодействию коррупции подчеркнул: "Принципиальная борьба с коррупцией во всех ее проявлениях – это приоритет дальнейшего развития нашего государства. Вы знаете, что такие пороки, как мздоимство, непотизм, телефонное право и другие, на протяжении многих лет подрывали доверие граждан к государственным институтам. На этом фоне начала угасать сама вера народа в справедливость. Поэтому одним из первых моих предвыборных обещаний была бескомпромиссная борьба с коррупцией до полного ее искоренения. Определяющую роль в этой работе должно сыграть Агентство по противодействию коррупции…».

В этой связи одной из мерпротиводействия коррупции предусматривается стимулирование антикоррупционного поведения граждан, включающее механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией.Только совместными усилиями можно добиться положительных результатов в борьбе с коррупцией.

Қымбат ЕГИНБАЕВА,
главный специалист-секретарь
судебного заседания Талдыкорганского
городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ФУТЗАЛ

АРГЕНТИНАҒА ӘЛІМІЗ ЖЕТПЕДІ

ФУТЗАЛДАН ӨЗБЕКСТАНДА ӨТІП ЖАТҚАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛЫНА ЖОЛДАМА АЛҒАН КОМАНДАЛАР ТОЛЫҚТАЙ АНЫҚТАЛДЫ. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, ОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ҚҰРАМАСЫ ЖОҚ. ОСЫҒАН ДЕЙІН ӨРЕЛІ ОЙЫН ӨРНЕГІ, КЕРЕМЕТ ТАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ АРСЕНАЛЫМЕН КӨЗГЕ ТҮСКЕН РИКАРДО КАКАНЫҢ ШӘКІРТТЕРІ ШИРЕК ФИНАЛДЫҚ САЙЫСТА АРГЕНТИНАДАН ОЙСЫРАЙ ҰТЫЛДЫ.

Оңтүстік Американың оғландары 2016 жылы Колумбияда әлем чемпионы атанды. Шешуші тұста олар Ресейден 5:4 есебімен басым түсті. 2021 жылы Литвада ұйымдастырылған әлем чемпионатында күміс медаль иеленді. Финалда 1:2 есебімен Португалияға есе жіберді. Америка кубогінде 13 рет (3 алтын, 7 күміс, 3 қола) жеңіс тұғырына көтерілді.

Аргентиналықтармен Қазақстан құрамасы үш рет кездесті. 2016 жылы Колумбиядағы дүниежүзілік доданың топтық турнирінде бәсеке тағдырын Аламиро Вапораки соққан жалғыз гол шешті – 1:0. Келесі жылы Бангкоктағы «Король кубогі» жолындағы жарыста жолымыз қайта қиысты. Бұл жолы тең тарастық – 0:0. Биыл 8 қыркүйекте Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында жолдастық кездесу өткіздік. Бұл матч 3:2 есебімен жерлестеріміздің пайдасына шешілді.

Ташкентте өткен бәсекені тамашалау үшін «Хумо Аренаға» 12 000 көрермен жиналды. Бұл кешен дәл осынша адамды ғана сыйдыра алады. Яғни барлық билет сатылып кеткен. Бұған дейінгі осы жарыстағы бірде-бір матч дәл осынша жанкүйерді жинамаған еді. Солардың барлығы Қазақстан құрамасына қолдау көрсетті деп айтсақ еш қателеспейміз. Тек бір-екі жерде ғана Аргентинаның туы жылт еткені болмаса, сол кеште «Хумо Аренада» қазақтың көк байрағы көздің жауын алды.

Кездесудің алғашқы минуттарында Рикардо Кака алаңға Игита, Ақжол Дәрібай, Лео, Дәурен Тұрсағұлов және Дугласты шығарды. Аргентинада да бес серкесіне сенім артты. Бірінші кезең алма-кезек шабуылмен өткенімен, есеп ашылмады. Үзілістен кейін бәрі 180 пайызға өзгерді. Екінші тайм басталғанына 1 минут 59 секунд өткенде Матиас Роза есеп ашты – 1:0. Арада бес минут өткеннен кейін Шыңғыс Есенаманов допты артқа бермекші болып оны Игитадан асырып жіберді де, өз қақпамыздың бағанасына тигізді. Сол кезде алғырлық танытқан Анхель Клаудино екінші голды соқты – 2:0. Көп ұзамай Арнольд Кнауп допты қолмен тоқтатып, төреші пенальти белгіледі. Қолайлы нүктеден Кевин Арриета мүлт кеткен жоқ – 3:0. Содан кейін-ақ Қазақстан футзалшыларының ойынынан береке кетті. Олар Игитаны алмастырып, алаңға тағы бір ойыншы шығарып әлек болды. 32 минутта Себастьян Корсо допты бос қақпаға бағыттады – 4:0. Әйтеуір ретін тауып, Дәурен Тұрсағұлов бір голды өз еншісіне жазды – 4:1. Бірақ онымен аргентиналықтар тоқтап қалған жоқ. 34-минутта Лукас Боло-Алемани мергендік танытты – 5:1. 36 минутта ережені өрескел бұзғаны үшін Тұрсағұлов алаңнан қуылып, пенальтиді Кевин Арриета сәтті орындады – 6:1. Сөйтіп, Қазақстан құрамасының әлем чемпионатындағы жорығы аяқталды.

Жартылай финалда Аргентина Франциямен күш сынасады. Ширек финалда французбар Парагвайды (2:1) ұтты. Сондай-ақ, екінші жартылай финалда Бразилия мен Украина командалары ойнайды. Бұл бәсекелер 2, 3 қазанда өтеді. Бразилиялықтар Мароккодан (3:1) басым түссе, украиналықтар Венесуэланың (9:4) тас-талқанын шығарды.

Материал egemen.kz. сайтынан алынды.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚАН ТАПСЫРЫП, ӨМІР СЫЙЛА!

АЛМАТЫДАҒЫ ПЕДИАТРИЯ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ХИРУРГИЯСЫ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МАМАНДАРЫ 17-19 ҚЫРКҮЙЕК КҮНДЕРІ АРАЛЫҒЫНДА «ҚАН ТАПСЫРЫП, ӨМІР СЫЙЛА!» НАУҚАНЫ АЯСЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚАН ОРТАЛЫҒЫНА ЕКІ КҮНДЕ 37 ЛИТР ҚАН ТАПСЫРДЫ ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ОРТАЛЫҚТЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Акцияға үлес қосқан қызметкерлер «Біздің басты мақсатымыз – науқас жандарға көмектесу», – дейді. Сауапты шараға дәрігерлерден бастап мейірбикелерге дейін үлес қосты. Сонымен қатар, әкімшілік қызметкерлері де қатысты. Барлығы 83 маман ерікті түрде қан тапсырды. Қан тапсырмас бұрын, донорлар алдымен медициналық сауалнама толтырды. Соның қорытындысы бойынша ғана қан тапсыруға рұқсат алды. Республикалық қан орталығы тапсырылған қан көлемі мен оның мінсіз сапасына баса назар аударады.

Педиатрия орталығының қызметкерлері донор ретінде қан тапсыруды әдетке айналдырған. Олар бір емес, жылына үш рет қан тапсырып, қаншама науқас жандардың өмірлеріне араша түсуде. Соның бірі, Трансфузиология бөлімінің дәрігері Данияр Әліпбаев. «Тұрақты түрде қан тапсырып жүргеніме 5-6 жыл болды. Қан тапсырудағы мақсатым – қатерлі дертке шалдыққан кішкентай бүлдіршіндерге көмектесу. Ең бастысы – қан құюға мұқтаж жандарға көмегім тисе болғаны. Осында өзімнің бір адамға болсын септігімді тигізуге келіп отырмын», – дейді дәрігер Д. Әліпбаев.

Акцияға қатысқан әр қызметкер 350-450 миллилитрден қан тапсырды. Бұл істі игі дәстүрге айналдырған ақ халаттылар кезекті рет бір кісідей акцияға атсалысып, көпке үлгі болуда.

Шараның тұрақты түрде ұйымдастырушысы, клиникалық трансфузиология бөлімінің меңгерушісі Қуаныш Үмбетовтің айтуынша, Педиатрия орталығында жылына 2-3 рет қан өткізіп тұратын тұрақты 35-тен астам донор бар.

«Орталықтан жылына шамамен 130-160 адам қан тапсырады. Медициналық тексерістен өткен адамнан стандарт бойынша 450 миллилитр қан алынады. Жыл сайын донацияға қатысушы қызметкерлер саны артып келеді. Біздің орталықта қан және оның компоненттері осы орталықта ем алып жатқан науқас балаларға қолданылады. Клиникада қатерлі дертке шалдыққан, жүрек ақауларымен туған балалар, ауыр хирургиялық ота қажет болған науқас балалар мен жаңа туған нәрестелер ем алады. Ота кезінде, сүйек кемігінің қатерлі ісіктерінде, оған қоса сүйектің кемік майын трансплантациялау кезінде және басқа да жағдайларда дәрігерлердің тағайындауымен қан және оның құрамдас бөліктері құйылады. Науқастарға қолданылатын барлық медициналық құрылғылар бір реттік. Бұл бұйымдардың барлығы балалардың ата-аналарының қатысуымен ашылады. Қан құю барлық медициналық талапқа сай жүргізіледі», – дейді Қ. Үмбетов.

Дәрігердің пікірінше, қан тапсыру ағзаға пайдалы. «Қан тапсырудың пайдасы мен зияны қоғамда көп талқыланады. Медицина маманы ретінде қан тапсырудың негізгі пайдаларын атап өткім келеді. Біріншіден, ең бастысы – қан тапсырған әр адам 3 адамның өмірін сақтап қалуға тікелей көмегін тигізеді. Екіншіден, ағзаңыздың қан құрамы жаңарады, қан құрамының жаңаруы теріге өте пайдалы. Үшіншіден, қан тапсыру арқылы адам бойындағы қан қысымы реттеледі. Төртіншіден, қан тапсырудың семіздіктің алдын алуға септігі бар. Бесіншіден, адам өмірін ұзартады. Сонымен қатар, сіз қан тапсыра отыра, ағзаңыз туралы ақпаратты ала аласыз. Қан тапсырудың ағзаға еш зияны жоқ. Үлкен адам ағзасында шамамен 4,5-5 литрдей қан болады, қан тапсыру барысында әр адам 450 миллилитрден аспайтын қан тапсырады. Бұл ағзаға зиянын тигізбейді», – дейді Қ. Үмбетов.

Орталық қызметкерлері ішінде жүйелі түрде қан тапсырып отыруды әдетке айналдыра бастаған белсенді донорлар да бар. Солардың бірі – IT маманы, Ақпараттық технология бөлімінің басшысы Бақаш Қайрат.

«Біздің игі ісіміз көптеген адамдардың өмірін құтқаруға септігін тигізеді. Бір ғана қан тапсырған адам – бір адамға өмір сыйлайды. Үлкен Алматының өзінде сан мыңдаған адам қанға мұқтаж. Осы көмегіміз арқылы біз біреудің анасының, әкесінің немесе бауырының өмірін сақтап қалсақ, одан асқан сауапты іс бар ма?! Мен қан тапсыруды азаматтық міндетім деп білемін және барша азаматтарды қан тапсырып, науқас жандарға көмек көрсетуге шақырамын», – дейді Қ. Бақаш.

«Донор» сөзінің латын тілінен аудармасы «Өмір сыйлаушы» деген мағынаны білдіреді. Көптеген науқас үшін бұл екінші өмір секілді. Донор қаны – өмір нәрі. Шынымен елімізде сан мыңдаған адам қанға мұқтаж. Кез келген оқыс жағдайда немесе ота кезінде өмір нәрі ауадай қажет.

Елімізде жасы 18-ден асқан, медициналық көрсеткіші нәтижелі кез келген азамат донор бола алады. Ерлер жылына 6 рет, әйелдер 4 рет қан тапсыруға мүмкіндігі бар.

Акцияға қатысқан әрбір донор қан тапсырып, біреудің өміріне араша болып қана қоймай, өзінің денсаулығы туралы да көп ақпарат ала алды. Атап айтқанда, ол өзінің гемоглобинінің деңгейін, түрлі инфекциялық аурулармен ауырған, ауыр-мағанын, сондай-ақ қан тобын біле алды.

Педиатрия орталығы акцияға үлес қосқан барша жанға зор алғысын білдіреді!

Ш. ХАМИТОВ.
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

МҮШӘЙРА!

Жетісу облысы, Көксу ауданы әкімдігінің қолдауымен, Қазақстан Жазушылар одағының Жетісу облысындағы өкілдігінің атсалысуымен Көксу ауданының 80 жылдығына арналған «КӨРІКТІ МЕКЕН – КӨКСУЫМ» атты облыстық жазба ақындар мүшәйрасы өтеді.

ЕРЕЖЕСІ

Мүшәйраның мақсаты: Қазақ тілінің көркемдік ерекшелігін, Көксу ауданының тарихы мен көрікті жерлерін насихаттау, киелі жерлері мен аңыз әңгімелерін дәріптеу арқылы еліміздің рухани бірлігін нығайту;

Жетісудың көрікті мекенін ақындардың тілімен асқақтата жырлай отырып, жас ұрпақты елін, жерін сүюге шақыру;

Отансүйгіштік қасиеттерді жастар бойына ұялату;

Мүшәйра тақырыбы: «Көрікті мекен – Көксуым»

Мүшәйраның шарттары: Үміткерлер мүшәйраға Көксу ауданына арналған бір өлеңімен қатыса алады. (15-20 шумақтан аспауы керек)

Байқауға келіп түскен өлеңдер алдын ала қазылар алқасының талқылауынан өтіп, іріктеледі.

Сұрыптаудан өткен өлеңдер ғана облыстық ақындар мүшәйрасына ұсынылады. Мүшәйраға жиналған өлеңдердің басын қосып, кітап етіп шығаруға ұсыныс беріледі. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі ауданның 80 жылдығына арналған әдеби шарада өтеді. Болатын уақыты жүлдегер ақындарға алдын ала хабарланады.

Марапаттау сәтінде жеңімпаз ақындарға өз шығармаларын мәнерлеп оқуға мүмкіндік болады.

Мүшәйраға қатысатын өлеңнің бір данасын Jangeldi_78n@mail.ru көрсетілген поштаға жіберу қажет.

Мүшәйраның талаптары: Мүшәйраға қатысатын ақындардың жас мөлшері 18-55 жас аралығы; Шығармалар электрондық нұсқада Microsoft Word форматында жіберілуі қажет; Жинақтарда, мерзімді басылымдарда, сайттарда, әлеуметтік желілерде жарияланған, басқа байқауларға ұсынылған және талапқа сай келмейтін шығармалар қабылданбайды. Байқауға арналған өлеңдер қазан (16.10.2024 ж) айының он алтыншы жұлдызына дейін қабылданады.

Қазылар алқасы: Барлық келіп түскен шығармаларды байқаудың қазылар алқасы қарап, талдау жасайды және іріктейді. Үміткерлердің шығармаларын бағалау кезінде:

ұсынылған шығармалар тақырыбының байқау мақсатына сәйкестігіне;

шығарманың идеялық мазмұнына;

туындының көркемдік сапасына баса назар аударылады.

Мүшәйраның жеңімпазы мен жүлдегерлері дипломдар және қаржылай сыйлықтармен марапатталады. Мүшәйраның марапаттау рәсіміне қазылардың іріктеуінен өткен жүлдегерлер ғана шақырылады. Шараның өту форматы мен нақты мерзімі қосымша хабарланады.

Жүлде қоры

Бас жүлде (біреу) 400 000 теңге

1 - орын: (біреу) 300 000 теңге

2 - орын: (біреу) 150 000 теңге

3 - орын: (біреу) 100 000 теңге

Ынталандыру жүлдесі: (үшеу) әрқайсысына 50 000 теңге

Тапсырылатын құжаттар: Қатысушының заңды түрде расталған төлқұжатының көшірмесі мен мекенжайы, телефон нөмірі міндетті түрде көрсетілуі қажет.

Қосымша анықтамалар алу үшін мына нөмірге хабарласуға болады.

Тел: 8701 309 85 01

КЕРЕК КЕҢЕС

МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТЕ ЖЫЛЫТУҒА БОЛМАЙТЫН ТАҒАМ ТҮРЛЕРІ

ROSBIOTECH университетінің биотехнология және биоорганикалық синтез өнімдерінің технология кафедрасының меңгерушісі Дмитрий Куликов РИА Новости агенттігіне берген сұхбатында микротолқынды пеште қыздыруға болмайтын тағам түрлерін атады.

Маманның айтуынша, ең алдымен құрамында суы көп тағамдарды: қызанақ, жүзім, тауық бауырын қыздырмау керек.

Сондай-ақ, қалың қабығы, қаптамасы немесе қабықшасы бар тағамдарды: шұжықтар, кішкентай шұжықтар, қызанақ, алма, шикі жұмыртқа және т.б. қыздыруға болмайды. Мұның бәрі күйіп қалу, жарақат алу және тұрмыстық техниканың зақымдану қаупін тудырады. Өнімді бірнеше жерден пышақпен, шанышқымен немесе тіс шұқығыш таяқшамен тесу жеткілікті, ал пісірілген жұмыртқаны қабығынан тазартып, кесектерге кесіп барып салу керек.

Микротолқынды пеште жарма ботқасын, мюслиді, гранолаы, жидектерді, кез келген ашы бұрыш пен шөптерді қыздыруға болмайды. Бұл оның құрамындағы пайдалы компоненттердің жойылуына әкеледі. Мысалы, С дәрумені жидектерде жойылады немесе зиянды қосылыстар мен заттардың пайда болуына ықпал етеді. Дәнді дақылдар мен астық өнімдерінде бос радикалдар немесе нитрозаминдер пайда болады. Сондай-ақ, бұрыш құрамында қауіпті капсаицин алкалоидтары да бар.

massaget.kz. сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Әдина ЖАЙМАҒАМБЕТ

Айзере БАЗЕЛБАЙ

Айша ҚАЙРАТ

ТҮЗЕТУ

Газетіміздің өткен аптада (№38 санында) шыққан «Екі түйе сүйкенсе, ортасында шыбын өліпті немесе автобекет қалай базарға айналды» атты мақаладағы « Енді автобекетке 150 000 теңге төлейтін болсақ, бұл біз үшін шығын» деген сөйлемдегі 150 000 теңге сөзі 15 000 теңге деп оқылсын.

Тарату аумағы: *Қазақстан Республикасы*

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Талшын ИЕМБЕРДИЕВА – тілші
Айнұр ӘБДІРАХЫМ – корректор

Кезекші редактор: Т. ИЕМБЕРДИЕВА

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 1075
Индекс 15534